



# Ақмешіт

19 қараша  
сейсенбі  
№92 (2102)  
2024 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### МІНБЕР

Бүгінгі біздің кейіпкеріміз өзінің бүкіл сәулеті гүмьрын құқық қорғау саласына арнаған, мемлекеттік қызметтің бүкіл сатысынан өтіп, өмір жолы өнегемен өрілген жан. Ол – Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты, ҚР Ішкі істер органдарының құрметті қызметкері, доғарыстағы полиция полковнигі – Әмірбек Шаймағамбетов.



Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,  
Қызылорда облыстық  
мәслихатының депутаты:

## КІНДІГІМНІҢ ҚАНЫ ТАМҒАН МЕКЕНГЕ МАҢДАЙЫМНЫҢ ТЕРІН ДЕ ТӨГІП ЖҮРМІН...

### АРПАЛЫС

Таңғы ауа қандай керемет. Таң сірлеп атып келе жатқанда аулаға шығып айналаға зер салу күндегі әдеті. Қыс ызғары да сезіле бастаған. Тал басына шық түсіпті. Оны өзінің ақ селеу шалған шашына ұқсатты. Бұл өткен уақыттың хабаршысы, жана күнге ұмтылған ел ағасының белгісі болар. 32 жыл қаншама шытырман оқиғамен бетпе-бет келгенмен, бейбіт күнде елдің басына түскен тәж-тажалмен арпалысқаны салқын күннің сұрапыл аязынан кем емес екен-ау. Әмірбек Бердібекұлы талай қиын сәттерді елмен етене жүріп басынан өткерді. Бейбіт тіршілікте де жұмыр басты пенденің өміріне өшпес сызат түсетінін сезбепті. Ол жан жарасы екен. Оқыстан үнсіз ғана тап беріп, пенде біткенді баудай түсіріп жалмап жатқан ажал тырнағы анасын бүргенде жаны қалай қиналды десеңші. Анасын жоғалтқанда өмірден баз кешіп, жан әлемі күйзеліске түскен еді. Бірақ ер азамат үшін бәрінен биік тұратын туған жер, Отан алдындағы парызы ойына оралғанда өне бойын шарпыған өкініш пен қайғы бұлты сейіліп, жаңа күш-қайрат қайта бойына оралып, ел алдында өзінің салмақты міндеті барын терең сезініп, қайта атқа қонды. Анасы «балам, еңсеңді тіктеп, еліңді қорға. Отаның да сенің екінші анаң ғой. Парызыңды ұмытпа» деп жол көрсетіп тұрғандай сөзілді.

3-БЕТТЕ

# ЕҢБЕК ЕЛЕНГЕН КҮН

Маңдайы күнге күйіп, табаны жерге тілінген Сыр диқандары Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумында марапат мінберіне көтерілді. Форумға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бастаған облыс делегациясы қатысты.



Алтай мен Атырау аралығындағы алқаптарда маңдай терін төгіп жүрген еңбеккерлердің жиынына күршімен ырысын арттырған аймақтан Қазақстанның Еңбек Ерлері Абзал Ералиев, Имамзада Шағыртаев, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, саланың және 50-ден астам шаруа қожалығының басшылары барды.

Президент Жарлығымен ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі жемісті еңбегі, отандық ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамытуға қосқан үлесі үшін Сыр өңірінің еңбеккерлері де «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Адал ісімен көпке үлгі болған, ерте көктемнен егіс даласында тер төгіп, жоғары жетістіктерге жеткен еңбек адамдары марапат төріне шығып, құрметті асты. Олардың қатарында Қазалы ауданындағы «РЗА Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің егіс бригадирі Бағазы Томай бар.

Сонымен қатар Жалағаш ауданындағы «Агрохим-сервис-С» ЖШС директоры Сергей Кимге «Құрмет»

ордені табысталса, Қармақшы ауданындағы «Ақжар» шаруа қожалығының бригадирі Қанат Төралиев, Арал ауданындағы «Қуаныш» шаруа қожалығының жұмысшысы Төрехан Бердімағамбетов, Шиелі ауданындағы «Халық-берді» жеке шаруа қожалығының күршішісі Жұмабек Бүрісов «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді.

– Бұрын-соңды дәл бұлай қарапайым шаруалардың басын қосып, үлкен жиын болмаған сон ел Президенті не айтады деп күттік. Біріншіден, солтүстіктегі әріптестеріміздің бидайды өткізудегі мәселелері айтылды. Егінді жинай алмай жатыр. Оны жинағанмен сақтайтын қоймалары бидайға толып тұр. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы бағытта мемлекеттік қолдау көрсетуге тапсырма берді. Тағы бір ерекшелігі, марапат мінберіне шыққандардың қай-қайсысы да – қарапайым жұмысшылар. Еңбек адамдарына құрмет көрсетілді. Жұмысшылардың мерейі үстем болды десек, қателеспейміз. Шаруалардың еңсесі түспесін деп, ауылшаруашылық саласындағы әрбір азаматты қолдайтынын айтқан Мемлекет басшысы

ауылдарды көркейту керегіне баса назар салды. Өйткені, ауылды дамыту арқылы біз ел экономикасының қадамын нықтаймыз, – деді Қазақстан фермерлер қауымдастығының Қызылорда облысы бойынша филиал төрағасы Болат Бөгетов.

Асыраушы салада даму бар. Соны технологияларды өндіріске енгізіп, жұмыс процесін де жеделдетіп келеді. Жаңа үлгідегі техникалар да шаруалардың жұмысын жеңілдетіп түскен. Мемлекеттік қолдаудың қай-қайсысы да еңбек адамын демеушіні анық. Бұл форумда да жұмысшы адамдардың жанарларында үміт оты пайда болды.

Биыл облыста 85 мың гектар жерге күрші дақылға егілді. «Балапанды күзде санайтын» дағдымен диқандар 500 мың тонна күршіті аман-есен қамбаға құйды. Орташа есеппен аймақ бойынша әр гектардан 58 центнер өнім шықты. Бұл өткен жылға қарағанда әлдеқайда жоғары.

Аян СПАНДИЯР

### ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Бұрын-соңды Сырда егілген ағаштың болашағы бұлыңғыр болатын. Өйткені сенбілікте жабылып тал ескенмен, одан кейін оған күтім жасап, баптаудың жай-күйі беймәлім еді. Жауапкершілікті сезініп, осы істі мойынға алатын бір мекеменің қажеті қатты білінді. «Жасыл Қызылорда» осылай ашылған еді... Жаз өтіп, күз кетіп барады. Әйтсе де, атқарылған жұмыстың бірнеше айдан кейін-ақ көзге көрінетіні анық. Қалай болды? Өзгеріс қандай?



# ҚЫЗЫЛОРДА жасыл қалаға айналды ма?

Ә дегеннен жаңа құрылған мекеменің ең бірінші жұмысы шаһар айналасындағы бітеліп қалған арықтар мен су жүретін көздерді ашу болды. Табиғаттың қаусар байлығы ауласына бармайтындар көп. Бірақ ондағы себеп су келетін арық әлдекінің үйінің тұсынан бітеліп, қысық толып қалған. Дәл осындай жағдайлар мамандардың алдынан кесе көлденең келе берді. Қызылорда қаласын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында «Жібек жолы» және «Қызылжарма» арналарын күтіп-ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарына да қаржы бөлініп, ауқымды шаруа атқарылды. Мұның өзі бірнеше жылдағы сеннің қозғалғаны деуге жарайды. Мекеменің алғашқы басшысы Әжібек Мампаев алғашқы брифингтердің бірінде бұл мекеменің қоғалдандыру ісінің де жүйелі жұмыс істеуіне ықпалы болатынын айтқан еді. Бұрынғы басшы осылай деді, бүгінгі басшы не дейді? – Күз келісімен арық біткенді қураған шөп пен жапырақ толтырады. Бұл көктем

мезгілінде аяқсудың керекті жерге жетуіне айтарлықтай кедергісін келтіреді. Соның алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, қадағаланып отырады. Енді бұл мәселе біржола оң шешімін таппақ. Қазір жана техникалар алына бастады. Мекеме жұмысшылары қаладағы ағаш егілген аумақтарды, парктар мен аллеяларды күнделікті бақылап отырмақ, – дейді мекеме директоры Мақсат Жүсіп. Қаланы көркейту-қоғалдандыруға былтыр жергілікті бюджеттен 484,7 млн теңге бөлініп, орталық аймаққа гүлдер мен газондар отырғызылды. Арық жүйелері тазартылып, жасыл екпелер егіліп, суарылды. Биыл да бұл

жұмыс қарқын алды. Енді мамандар көктемде болар қиындықтың алдын алып, тынымсыз еңбектенуде. – Бүгінде мекеме қызметкерлері қала аумағындағы арық жүйелеріне күзгі тазалау жұмыстарын жүргізіп, аяқсу арналарын қалпына келтіруде. Жалпы қала аумағына Сырдария өзені мен каналдар арқылы 19 су насосы орнатылған. «Жасыл Қызылорда» мекемесі көше бойларын, саябақтар мен скверлерді гүлмен көмкерді. Шаһар аумағын қоғалдандырып, көріктендіру үшін 640500 дана роза, кан, катарантус, циннии, петунья, тагетис, бархат, цинерария, пеларгония гүлдері әкелінді. Олар Тұңғыш Президент

**Баспасөз-2025**  
**АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»**  
**ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қаты қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін  
6 айға – 3000 теңге,  
мекемелер үшін – 4000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

## «НУРИКАМАЛ»: еректің өзіншілдігі ме, әлде әйелдің ерлігі ме?



4-БЕТТЕ

## ЕЛДЕ БОЛСА, ЕРІНГЕ ТИЕДІ кәсіпкер Қайраттың жобасы елге пайдалы

Халықтың ойдағы кәсіпті бойдағы қабілеттен дамытып, екі қолға бір күрек табуына мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» бағдарламасы ел игілігіне жарап тұр. Қызылорда кәсіпкер Қайрат Избасканов та байыпты бағдарламаға қатысып, төмен пайызды несиеге қол жеткізді. Мал тұқымын асылдандыруға бет бұрған ол бүгінде қолына қаржысын алып, енді асыл тұқымды төрт түлікті алуға бекінген.

— Қазір елдегі жылқы тұқымы әлсіреген. Жыл сайын төл ермейді. Ет бағытына пайдаланайын десең де қолға аса бермейді. Енді бұл жерде біз қай іске салсаң да оң жамбасқа шығатын әмбебап тұқымнан қарағымыз келіп отыр. Мәселен, Ақтөбедегі Мұғалжар тұқымы. Ол жақтың малы біздің өңірге тез жерінеді. Ауа райы да ыңғайлас, — дейді Қайрат Маханбетиярұлы.

Бұрын уақыты келгенде айғырды да жаңартып отыратын дағды мал ұстаған ағайыннан алыстай бастаған. Нәтижесінде тұқым жаңармай, керісінше көнере бастады. Кішкентайдан төрт түліктің жайын ұғатын ол бір бастама арқылы бірнеше мәселені шешуді жөн көрді.

— Біз негізі мүйізді ірі қара бағатымыз. Оған қосымша, Қамбар ата төлін қосып жатырмыз. Қазір қора жайы, қажетті керек-жарактың барлығы реттеліп қойылды. Енді тек асыл тұқымды мал алу ғана қалды. Барлық талапқа сай, құжаты бар,

сұранысқа ие. Жобаны құрастыру барысында зерттеулерде жергілікті тұтынушылардың нақты ерекшеліктері мен басқа сауда ұсыныстары толығырақ зерттеліп сұрыпталды. АӨК құрылтайшыларының атына тіркелген мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы база, жалпы көлемі 300 гектарды құрайтын ауылшаруашылық мақсаттағы жер бар. Оған қосымша мал және



малдың жем-шөбін тасуға арналған автокөлік бар. Кәсіпкер ауылдық округте өткізілетін іс-шараларға белсене араласып, қаржылық көмек көрсетіп отырады. Қараөзек бекетіндегі аудандық 0,5 гектар көлемдегі ескі қорымның қоршауын металл қоршауға алмастырып, Қараөзек бекетіндегі мешітке жүргізілген күрделі жөндеу жұмысына, елді мекенді аяқсумен қамтуға қосқан үлесі үшін 2019 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өңірлер мен жергілікті қауымдастықтар дамуына үлес қосқан азаматтарды марапаттау



көпшілігі бар жылқы алып, кәсіпті дамыту — басты мақсатымыз, — дейді кәсіпкер.

«Ауыл аманаты» бағдарламасының тиімді екенін зерттеп білген Қайрат Избаскановтың «Sayat construction» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативін құрып, жалпы құны 29 млн 500 мың теңге тұратын «Асыл тұқымды жылқы және мүйізді ірі қара малын өсіру» және «Өнеркәсіптік ет тартқыш құрылғы сатып алу» жобасы қолдау тапты. Ол алдағы уақытта асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытып, ауыл мен қала халқына сапалы ет-сүт өнімдерімен қамтуды жоспарлап отыр.

— Қазақ ата кәсібін аярамауы керек. Қазір ет-сүт өнімдері нарықта бәсекеге бейім. Қанша жерден көп кәсіпкер айналысса да, сапалы өнімнің сұранысқа ие болып тұрады. Тамырдан ажырамай, ұлттың болмысын сақтауға үлес қосу ойда жүрген. Бұл бір біткен іс болды. Енді елдің сұранысын қанағаттандыру жоспарымен іске нықтан кірісіп кеттік, — дейді Қайрат Избасканов.

Бизнес жобаға сәйкес «Sayat construction» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі мүйізді ірі қараның ет-сүт өнімдерін, саумал, қымыз және жылқы етін сату бағытындағы мал шаруашылығын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Жобаның басты өнімі де — осы.

— Бұл бағытты таңдаудың басты себебі — бұл өнім өңірлік нарықта достүрлі түрде тұрақты

рәсімінің қалалық кезеңнің қорытындысымен «Туған өлке» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған, — дейді ауыл әкімі Сәкен Әбдіжаппар.

Бағдарламаның тиімді екенін айтқан кәсіпкер әрбір азамат бұл арқылы тек өзінің табыс табуды ойлаумен шектелмеу керекін жеткізді.

— Мемлекеттік бағдарлама халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруын көздейді. Дей тұрғанмен, әрбір мақсаттың артында елдің мүддесі, ұлттық болмыс тұруы керек. Әуелі өзінің кәсібінді дамытасын. Кәсібің елге пайдалы болуы керек. Тым құрыса, жұмысың жүрген бір адамды жұмыспен қамтысақ, бір отбасына жәрдем болады. Ал ең бастысы, бағдарламаға қатысқан жобаның артында елдегі бір оқылдықтың орнын толтырып, ұлттық деңгейдегі кей мәселенің шешімін табуына атсалыссаң, жақсы. Мен қазақтың ата кәсібінен ажырамауын мақсат еттім, халықты табиғи таза, сапалы өніммен қамтамасыз етуді ойладым, — дейді кәсіпкер.

Әлбетте, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тек үлкен компанияларға ғана тән ұғым емес. Бұл бір-бір кәсіптің тізгінін ұстаған әрбір азаматтың ойында болуы керек. Ал оның ар жағында туған жердің алдындағы перзенттік парыз тұрса, құба-құп.

Дәулет ҚЫРДАН

Бүгінде аймағымызда жастар саны артып келеді. Статистикалық мәліметке сүйенсек, Қызылорда қаласында 2024 жылы халық саны 397,8 мың адамды құраса, оның ішінде 28,1 пайызы немесе 101020-ы 14 пен 34 жас аралығындағы жастарды құрайды.

Ресурстық орталықтардың қызметі көптеген маңызды бағытты қамтып, жастардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіптік бағдар беру — орталықтың бір міндеті. Аймағымызда жастар саясатын дамытуға бағытталған «Qosyl» жастар орталығы нақты нәтижеге қол жеткізіп келеді. Орталық қала жастарының әлеуетін көтеруге, олардың шығармашылығын арттыруға және қолдау көрсетуге үлкен мән береді. Орталық жобаларды жастар арасында танымал ету үшін «Qosyl» брендині ойлап тауып, «Qosyl Kenes», «Qosyl Sport», «Qosyl Game» және «Qosyl Dance» сияқты жобаларды жүзеге асыруда. «Qosyl» бренді жастар арасында тез танымал болып, олардың қызығушылығын оятады. Әрбір жоба жастардың белгілі бір саладағы қабілетін дамытуға бағытталған. Мысалы, «Qosyl Kenes» жастарға кеңес беру және қолдау көрсету қызметін ұсынады. Бұл жоба арқылы жастар өз мәселелерін шешуге және жаңа мүмкіндіктерді ашуға көмек алады. «Qosyl Kenes» жобасы жастарға консультативтік жұмыстарды ұйымдастыру бойынша жыл басынан бері «Мүмкіндіктер алаңы» 10 мәрте, қалаға қарасты Қарауылтөбе, Талсуат, Қызылжарма, Қосшыңырау ауылдық округтерінде «Көшпелі кеңес» 4 мәрте ұйымдастырылды. Жастарды жұмысқа орналастыру,



қызметтер жастардың шығармашылық қабілетін арттырып, уақытты тиімді өткізуге мүмкіндік береді. «Google» тіркеу журналы арқылы жүргізілген есепке сүйенсек, бүгінгі күнге дейін орталыққа келушілер саны 6675 жасқа жеткен. Орталық маманы Бексұлтан Нұрғазының айтуынша, жастар өзінің бос уақытын пайдалы өткізіп, ресурстық орталықта көптеген жобаны жүзеге асырып келеді.

Қызылорда қаласы әкімінің «Самғау» жастар сыйлығын табыстау әлеуметтік жобасы техникалық мамандықтарды насихаттау және жастарды біріктіруге бағытталған.

— Жоба аясында бірнеше маңызды іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Жас дәнекерлеушілер», «Жас тігіншілер», «Жас электрліктер», «Жас аспаздар» «Жас құрылысшы» байқаулары

## ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар аясындағы шаралар ай сайын ұйымдастырылып келеді. Бұл іс-шаралар жастарға тұрақты түрде қолдау көрсетіп, жұмысқа орналасуына және мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік береді.

— «Qosyl Sport» жобасы аясында 37 спорттық іс-шара ұйымдастырылып, 1435-тен астам жас қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат ететін жоба аясында орталық жанында тұрақты волейбол және «ring pong» үйірмелері қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде үйірмелерге ай сайын 150-ден астам тұрақты келушілер бар. Үйірме қатысушылары арасында сайыстар өтіп тұрады. «Жастар бастамаларын қолдау және шығармашылық бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру» әлеуметтік қызметі бойынша жастар мен жасөспірімдерді тарту арқылы «Шыңды бағындыр» қалалық турнирінің іріктеу сайысы бойынша 20 аймақта 100-ге жуық жастық қатысушымен турнирге тартылудан іріктеу өтті. Қаладағы ірі сауда орындары мен базарларда жастар арасында кіші футболдан «Достық кубогі» үшін турнир екі рет, ал «Ауыл әкімі кубогі» үшін төрт рет ұйымдастырылды, — дейді қалалық жастар ресурстық орталығының маманы Бексұлтан Нұрғазы.

Орталық маманының айтуынша, «Qosyl Game» жобасы жастар арасында өте танымал. Жоба интел-

— Жастардың қажеттіліктері әртүрлі. Барлық жастың сұранысын қанағаттандыру мақсатында үздіксіз қызмет жасап отырамыз. Біздің мақсатымыз — жастардың қандай санаты болса да сапалы қызмет көрсету. Жұмысқа орналасуына жағдай жасау, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына көмектесу, бос уақыттарын тиімді әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік беру басты бағытымыз, — дейді қалалық жастар ресурстық орталығының маманы Бексұлтан Нұрғазы.



ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталды. Бұл игі шараға 80 жас қатысты. Сонымен қатар өңірде жастар саясатын жүзеге асырып жүрген азаматтарды марапаттау мақсатында 5 азамат анықталатын болады, — дейді «Qosyl» қалалық жастар орталығы маманы Бексұлтан Темірханұлы.

Қала жастары арасында патриоттық рух пен отбасы құндылықтарын насихаттау бағытындағы іс-шараларды іске асыру әлеуметтік қызметі бойынша жастар арасында «Мен өз елімнің патриотымын» байқауы ұйымдастырылған.

— Отбасы құндылықтарын насихаттау бойынша жас келіңдер арасында «Келіні жақсының керегесі алтын» атты байқау, ата-аналармен кездесу, психолог және заңгер мамандардың жеке онлайн және офлайн кеңес беру ұйымдастырылды. Мұнан бөлек, қала мектептері мен ТЖБ мекемелерінің 60 психолог мамандарын оқыту тренингтері өтті, — дейді орталық маманы Гәзиза Қожантай.

Үйірмелер жұмысын ұйымдастыру бойынша 7000 жас арасында сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде «Би», «Волейбол», «Үстел теннисі» және «Үстел ойындары» үйірмелері апта сайын қызмет көрсетуде. Үйірме қатысушылары арасында тұрақты сайыстар ұйымдастырылуда. 3000 жастың қатысуымен сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде жастар дағдыларын дамыту бойынша 3 бағытта «Фотоаппарат негіздері», «Мобилография» және «Кәсіпкерлік» оқыту курстары ұйымдастырылды. Мобилография курсы бойынша 3 топ оқытылып, 20 жас аяқтан шықты.

— Мұнан бөлек, мемлекеттік қызметшілер арасында «Жайдарман», «Өнер барысы — 2024», жастар мен жасөспірімдердің қатысуымен атаулы мерекелік күндер бойынша 12 түрлі акциялар, кештер мен концерттер ұйымдастырылып, 8 мерекелік іс-шара, «Жастар фестивалі» мен ашық аспан астындағы мерекелік концерт қазан-қараша айында өтті, — дейді қалалық жастар ресурстық орталығының маманы Бексұлтан Нұрғазы.

София ТЕМІРБОЛАТ



лектің дамуы, логикалық ойлауды жетілдіру және бос уақытты тиімді ұйымдастыру мақсатында құрылған. Жастар арасында танымал «Монополия», «Мафия», «UNO» және басқа да үстел ойындары арқылы орталыққа келушілер саны тұрақты түрде артып келеді.

— Сонымен қатар «Qosyl Dance» заманауи және шығармашы жастар үшін орталықта арнайы би залы бар. Бүгінде 10-ға жуық би топтары залда тұрақты түрде дайындалып, орталық қызметін белсенді пайдаланып келеді. Соңғы 3 жыл ішінде «Qosyl» заманауи би тобы республикалық және облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр, — дейді орталық маманы Аружан Сеилханова.

Қалалық ресурстық орталық жастардың өз жобаларын жүзеге асыруына бірқатар мүмкіндік ұсынады. Атап айтқанда, жастарға тегін қызмет көрсететін WI-FI, коворкинг орталығы, креатив фото-видео студиясы және жастар ұйымдарының тегін кабинеті бар. Бұл





**Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,**  
Қызылорда облыстық  
мәслихатының депутаты:

## КІНДІГІМНІҢ ҚАНЫ ТАМҒАН МЕКЕНГЕ МАНДАЙЫМНЫҢ ТЕРІН ДЕ ТӨГІП ЖҮРМІН...

Сан жылдар бойына құқық қорғау саласында еңбек етіп, маңдай терім елдің қауіпсіздігі жолында төккен Әмірбек Бердібекұлы әлемді жайлаған пандемия індеті кезінде Қызылорда қаласында сақтық шарасын сақтауға, елдің қауіпсіздігін қорғауға жұмылдыруға ерекше атсалысты. Сол бір қиын кезеңді ел ағасы күрсініп, еске алды.

– 2020 жылдың 15 наурызында елде төтенше жағдай жарияланды. Қызылорда қаласында орналасқан барлық мемлекеттік мекемелер мен тиісті құзырлы органдар, басқа да үкіметтік емес ұйымдар мен жеке кәсіпкерлердің жұмысын үйлестіре отырып, осы қауіпті індетпен күреске жұмылдыру мақсатында қалалық штаб құрылды. Штабтың басшылығын сол кездегі қала әкімі Н.Нәлібаев өз міндетіне алып, барлық сала бойынша орынбасарлары мен дербес бөлім басшылары, кент және ауыл әкімдері тиісті құзырлы органдармен тығыз байланыста бірлесіп жұмыс атқарды.

Штабтың жұмысын үйлестіру, жоспарлау, берілген тапсырманы орындауын бақылау, облыстық штабқа дер кезінде тиісті ақпаратты жолдау, қоғамдық-әлеуметтік, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға және азық-түлік, дәрі-дәрмек, ауруханалар мен әлеуметтік дүкендегі азық-түлік тапшылығын болдырмау және баға тұрақтылығына бақылау жасау үшін ақпараттық-мониторингтік жұмысшы тобы құрылды.

Қала шекарасында полиция департаменті, ҚР Қорғаныс Министрлігінің 66597 әскери бөлімінің сарбаздары мен медицина қызметкерлерінен құралған 5 блок-бекет ұйымдастырылды. Қала аумағындағы халық көп шоғырланатын орындарда әскери бөлімнің сарбаздары бұл заласыздандыру жұмысына қатысты. 88 әскери міндеттілер қаладағы блок-бекеттің қауіпсіздігін күшейтуге, сақтық шарасы мен тыныштықты күзетуге және індет ошағын заласыздандыруға жұмылдырылды. Адам баласына зор қасірет әкелген көрінбейтін тажалмен мезгілге қарамай соғыс қимылындағыдай әскери тәртіптен күресті. Үстіме әскери киімді киіп, өз кызметіме қайта кірістім. Алланың құдыретімен бұл көрінбейтін тажалды да жеңіп шықтық. Ел Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен «Коронавирус инфекциясына байланысты жарияланған төтенше жағдай кезеңіндегі айырықша еңбегім үшін «Халық Алғысы» медалімен марапатталды. Алайда 30 жылдан астам Отанымның тыныштығын қорғауға атқарған қызметім үшін алған жоғары наградаларыммен салыстырғанда осы медалдің орны ерекше, – дейді ол.

### Тарихта қалған іс еді...

Өміріне із қалдырған тағы бір оқиға Сырдария ауданында ішкі істер бөлімінде басшылық қызметте жүргенде орын алған. Жолдаушы тасымалмен айналысатын алты таксисті өлтіріп, көліктерін бөлшектеп сатып, аса ауыр қылмыс жасап, ізін суытқан қаныпезерлер ұсталып, темір торға камалған. Олар ұзақ уақыт бойы іздеуде жүргендер еді. Ауыр қылмысты жедел ашуға қатысқан тәртіп сақшысы Болатбек Тоқберішев «Айбын» орденімен марапатталса, 2020 жылы доғарыстағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетовтің ықпалымен құқық қорғау саласының қызметкерлері Рысбек Ибраев пен Раджаб Салхадинге облыстық полиция департаментінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталған.

Басы 1-бетте

Әмірбек Бердібекұлы қолы босаған кезде шығармашылықпен де айналысады. Шынында қылмыс әлемі серкелерінің жауыздық әрекетін әшкерелеп жүрген жанның қоржынында қаншама деректі құжаттар, айғақтар, шытырман оқиғалар жатқанын өзі де жоққа шығармайды. Детектив жанрына қалам тербеп жүрген сегіз қырлы, бір сырлы ағамыз қазақ әдебиетіндегі детективті жанрдың дамуына үлес қосып келеді. Екінші дүниежүзілік соғыс пен ішкі істер органдарының ардагері Кемел Тоқаев атындағы детективті шығармалар конкурсына қатысып, орыс тілінде «Юридическая газета» басылымында жарық көрген «Операция Набат», «Шымкетский транзит надежд» деп аталатын детектив әңгімелері жүлделі II орынды иеленді. Әрине, бұл – үлкен жетістік.

– Қазіргі таңдағы құқық бұзушылықтар туралы не айта аласыз? Қоғам туралы пікіріңіз қандай? – дедік арада орнаған үнсіздікті бұзып. Алысқа ойлы көзбен қарап отырып, ол әңгімесін жалғасты.

– Қылмыс – қоғамдық құбылыс. Өзіміз 30 жылдан аса құқық қорғау саласында еңбек еткен өмір жолымда пенде не себептен қылмыс пен құқық бұзушылыққа апаратын жолды таңдады екен деген сұраққа үнемі жауап іздеумен келемін. Ұлттық идеологияның құлдырауы, бала мен жасөспірімнің, азаматтардың қоғам мен заңды сыйлайтын, адами құндылықты қастерлейтін, мейірбандық, бір-біріне қолұшын беруге дайын тұратын иманды тұлға болып қалыптасуына тікелей әсер ететін кешенді тәрбиелік мәні бар шаралар жүргізілуі керек. Сана мен сезімді, тұрмысты материалдық құндылық билеп алған қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Қылмыстың орын алуына себеп болған әлеуметтік теңсіздік пен халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге бағытталған нақты шара қабылдап, елдің құқықтық сауатын ашуымыз керек. Заң, мемлекет, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінетіндей сәби кезінен, балабақша, мектеп жасынан, жасөспірім кезінен бойына ұлттық тәрбиені сіңіре білуіміз керек. Бұрын адам тонау, мал ұрлығы, топтық төбелес жиі орын алатын. Қазір алаяқтық қылмыс белең алды. Алаяқтар тұрғындардың сеніміне кіріп, пәтер, жер алып берем, жұмысқа тұрғызам, несие жауып берем деген секілді жалған уәдемен қомақты қаржы алып, ақыр соңында темір тордың әр жағынан бір-ақ шығуда. Киберполиция деген термин қалыптасты. Олар киберқылмыс жасаушылармен күресуде.

– «Қызылорда автобус паркі» ЖШС басшысының орынбасары лауазымында жүргеніңізде шаһарға бір демде 300 автобус әкелінді. Халықтың жағдайына қарайлап жүретін, қолдан келгенше мәселе шешуге атсалысатын дағдыңыздан хабарымыз бар. Сыры неде?

– Ең біріншіден айтарым, «Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшпейді» деген өлең жолдары өзімді осы күнге жеткізген туған жерімнің алдындағы перзенттік парымызды еске түсіреді. Ауылдан шыққан әр адам осылай әр қазаққа көмектескісі келіп тұрады.

– Ауыл деп қалдық қой... Бүгінгі ауылдарда қандай мәселелер бар?

– Ауыл халқының көп көтеретін мәселесі денсаулық сақтау саласына қатысты. Аудан, облыс орталығынан шалғай орналасқан ауыл тұрғындары басы ауырып, балтыры сыздай қалса, дәрігердің көмегіне мұқтаж. Ондайда алғашқы медициналық көмек көрсететін білікті дәрігер қажет. Егер науқасты аудан орталығына шұғыл жеткізу қажет болған жағдайда «Жедел жәрдем» көлігі керек. Мемлекетіміздің басты байлығы – адам және оның өмірі мен денсаулығы. Жалағаш ауданының 6 ауылына су жана «Жедел жәрдем» көлігі берілді. Алдағы күндері барлық ауылдық

округтер осы көлікпен толық қамтылмақ. Одан бөлек, Аламесек, Мырзабай ахун, Қаракеткен ауылдарынан заман талабына сай типтік жобадағы емхана бой көтерді. Тек ел ішіндегі ақсақалдар, аға буын өкілдері халықты бірлікке ұйытып отырса, шешілмейтін түйін жоқ. Біздің мойнымызда халықтың аманаты бар. Сондықтан біз қашанда халықпен біргеміз, олардың мұң-мұқтажын мінберден көтеріп, тиісті орындарға жеткіземіз және оның орындалуына бар күшімізді салып келеміз. Мақсатым – аманатқа қиянат жасамай, кіндігімнің қаны тамған мекенге маңдайымның терін де төгу.

Бұл сөзді Әмірбек Бердібекұлы нық айтты. Халықтың аманаты бәрінен биік тұратынын сезінген әрбір азамат қандай қызметте болса да, жауапкершілік жүгін сезінеді.

### Тың жобаның төрінде

Айтпақшы, биылғы керемет жаңалық Аққырдағы ағайынды қуанышқа бөлеуде. Жалағаш ауданының Аққыр ауылынан «Қазақстан халқына» Ұлттық қорының қаржыландыруымен заманауи спорт сауықтыру кешені құрылысы қарқынды түрде жүруде. Қызылқұмның қиясындағы шалғай ауылдан бұған дейін де дзюдодан жастар мен жасөспірімдер арасындағы Әлем, Еуропа, Азия чемпионаттарында, халықаралық жарыстарда топ жарған спортшылар шыққан. Бұл игі істердің басы-қасында облыс әкімі бастаған ел азаматтары тұрғанын мақтанышымен айтуға болады. Халық қалаулысын көптен толғандырып жүрген мәселе Қызылорда облысы мен Өзбекстанның Навои облысы, Тамды ауданының шекаралас аймағын қосатын халықаралық маңызы бар ұзындығы 179 шақырым болатын «Қызылорда-Көкаяз» автомобиль дәлізін салу болатын.

– Қызылорда-Мыңтай-Тамды-Үшқұдық-Навои-Бұхара-Термез автодәліздері арқылы Қыыр Шығыс, Иран, Ирак, Парсы шығанағы елдеріне шығатын ең қысқа жол ашылып, транзиттік әлеуетіміз артып, еліміздің экономикасының қарыштап өсуіне, осы халықаралық дәліз бойында орналасқан қаншама елді мекендердің тұрмыс жағдайының күрт өсуіне оң әсерін тигізеді. Әрине, ол болашақтың еншісіндегі жұмыс, – деді Әмірбек Шаймағамбетұлы.

Кейіпкеріміздің ең керемет қасиеті – спорттың тұрақты жанкүйері екені. Әлем чемпионатының бірде-біреуін көзден таса қылмай, жергілікті «Қайсар» футбол клубының ойынын ылғи тамашалап жүреді.

Бүгінде доғарыстағы полиция полковнигі Әмірбек Бердібекұлы зейнетке шыққанмен әлі күнге қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүр. Талай жыл мемлекеттік қызметтің ыстық-суығына шыдап, құрмет төрінен көрініп, маңдай терінің өтеуі болар еңбегі еленіп, жоғары марапаттар алып жүр. Бірақ есте өзі үшін жанына жақыны, жүрегіне қуаныш сыйлағаны өзі туып-өскен топырағында тапсырылған «Жалағаш ауданының Құрметті азаматы» атағы мен пандемия кезіндегі тынымсыз еңбегі үшін берілген «Халық алғысы» төсбелгісі екенін мақтанышымен айтады.

Шынында, туған жерге ту тіккен азамат ел аманатына адал, қызметтік міндетіне жауапты, ұлт мәдениетіне жанашыр қасиетімен танылып, туған топырағына күш-жігерін аямай, табанды қызмет етіп келеді. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» дейді халық даналығы. Елім дейтін ерді елі мақтан тұтқаны Әмірбектей ел ағасының мерейі өскені деп білдік.

Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Birgemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсімінде: «Игі іспен айналысу, адамдарға жақсылық жасау – халқымыздың көне заманнан келе жатқан дәстүрі. Біз осы дәстүрді сақтап қалуымыз керек. Себебі біреуге қол ұшын созып, қолдау көрсету – қанымызға сіңген қасиет», – деп атап өткен еді.

Қазіргі уақытта экологияны қорғауға және қиын тұрмыстық қиын жағдайға тап болған адамдарға көмек қолын созуға дайын мыңдаған белсенділер бар. Солардың бірі – Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы Ережеп Есенгелдіұлы.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ДЕ ВОЛОНТЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСАДЫ

Ережеп Есенгелдіұлы 1993 жылдың 15 желтоқсанында Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Айдарлы ауылында дүниеге келген. Жары Нұрилла Айдарлы ауылдық клубта мәдени ұйымдастырушы қызметін атқарады. Жас отбасы бүгінде екі ұл тәрбиелеуде, балалары – балабақша жасында. Ол 2015 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша тәмамдаған. Жалпы еңбек өтілі 6 жылдан асса, оның 5 жылын мемлекеттік қызметте өткізуде.

Ал алғашқы еңбек жолын 2018 жылы туған жеріндегі №139 орта мектепте технология пәнінің мұғалімі болып бастаған. Қазақ халқы «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген даналыққа сүйенеді. Бұл сөздің шындығына Ережептің өмір жолы да дәлел бола алады. Оның әкесі Есенгелді Майлыбаев ұзақ жылдар бойы Айдарлы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарса, анасы Құлшарай Ниязбекова ауылдық дәрігерлік емханада медбике болып еңбек еткен. Бүгінде екеуі де – құрметті зейнеткерлік демалыста.

Әрбір азамат үшін туған жер – ең қастерлі мекен. Отанға деген сүйіспеншілік сөзден емес, нақты істерден көрініс табуы тиіс. Ережеп Есенгелдіұлы осы қағиданы берік ұстанып, туған елінің игілігіне аянбай еңбек етуде. Айдарлы ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкері ретінде ол ауылдың қоғамдық өміріне де белсене араласады.

Қазіргі таңда Ережеп ауыл жастарын игі іске тартып, волонтерлік жұмыстарға жұмылдыруда. Жастар бригадасы түрлі әлеуметтік маңызды істерді жүзеге асырып, нәтижесінде, бүгінгі күнде олардың бастамасымен және демеушілігімен ауылдың кіре берісіне арнайы қақпа орнатылған. Сонымен қатар, тұрмысы төмен екі отбасының үйлерінің шатырларын жаңарту жұмыстарын жүргізіп, ауыл маңына 700 түп ағаш отырғызған.

Жас мемлекеттік қызметкердің туған ауылын көркейту жолындағы еңбегі әлі де жалғасын табады деп сенеміз. Бұл бастамалар өзге де жастарға үлгі болып, ел игілігі үшін атқарылар жұмыстардың жаңа кезеңіне жол ашпақ.

Талғат НҮРТАЕВ,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

